

Азаматтық іс жүргізудегі тараптар

Жоспар:

1. Азаматтық іс жүргізудегі тараптардың түсінігі
2. Тараптардың азаматтық іс жүргізу құқықтары мен міндеттері.
3. Іс жүргізуге тең қатысушылық және оның түрлері
4. Іс жүргізу құқық мирасқорлығы
5. Азаматтық іс жүргізудегі тиісті және тиісті емес тараптар

- **Тараптар** – бұл азаматтық іс жүргізудегі ең негізгі қатысушы тұлғалар
- сотта субъективтік құқықтары немесе заңмен қорғалатын жеке мүддесі туралы даулары қаралып және шешілуге тиіс іске қатысушы тұлғалар

Тараптардың белгілері:

- Істің шешілуіне заңды мүддесі болуы;
- өз мүдделерін қорғау үшін іске өздерінің атынан қатысады
- заңда бекітілген құқықтар мен міндеттерге иеленеді



ИСТЕЦ
ОТВЕТЧИК

ИСТЕЦ

ОТВЕТЧИК

● Тараптардың азаматтық іс жүргізу құқықтарын: жалпы және арнайы деп бөліп қарастырса болады.

Іс жүргізуге тең қатысушылық

Совместное участие в процессе нескольких лиц, выступающих в качестве стороны в деле,



Теория жүзінде бірігіп қатысушылықты екі мағынада қарастырады:

- 1
 - процессуалдық-құқықтық мағынада
- 2
 - материалдық-құқықтық мағынада

Процессуалдық-құқықтық мағынада ол 3 түрге бөлініп қаралуы мүмкін:

- 1-ші түрі – белсенді бірігіп қатысуы – сотта талап қоюшы ретінде бірнеше тұлғаның қатысуы (екеу және одан көп қатысуы), мысалы 3 талап қоюшы мен 1 жауапкердің қатысуы;
- 2-ші түрі – еңжар бірігіп қатысуы – сотта жауапкер жағынан бірнеше тұлғаның қатысуы (екеу және одан көп қатысуы), мысалы 1 талап қоюшы мен 3 жауапкердің қатысуы;
- 3-ші түрі – аралас бірігіп қатысуы – бірден сотта талап қоюшы мен жауапкер жағынан бірнеше тұлғаның қатысуы, мысалы 3 талап қоюшы мен 3 жауапкердің қатысуы.

Материалдық-құқықтық мағынада 2 түрде қарастырылуы мүмкін:

- 1-ші түрі – қажетті (міндетті) – заң бойынша іске барлық қатысушылардың (талап қоюшы не жауапкер ретінде) қатысуын міндетті түрде тілейді, мысалы ортақ мүлік бөлуде өз ұпайын белгілеу;
- 2-ші түрі – факультативті (міндетті емес) – бірігіп қатысуын міндетті түрде тілемейді, яғни іс бойынша бірнеше талап қоюшылардың немесе бір ғана талап қоюшының бірнеше жауапкерлерге жеке және бір-біріне байланыстырмай қаралуын білдіреді.

Іс жүргізу құқық мирасқорлығы – бұл даулы не сот шешімімен анықталатын құқықтық қатынасының іс жүргізуінен жақтардың біреуінің шығуына байланысты істе тарап немесе үшінші тұлға болып танылатын тұлғаны ауыстыру.

Іс жүргізу құқық мирасқорлығы материалдық құқық бойынша келесі жағдайларда болады:

- Жалпы (универсалды) мирасқорлық (мұрагерлік, заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуы);
- Сингулярлы мирасқорлық, яғни жеке субъективтік құқық мирасқорлығы (талапқа жол беру немесе басқа тұлғаның қарызын өзіне аудару).

Тиісті тараптар (талап қоюшы мен жауапкер) –

нақты азаматтық іс бойынша азаматтық іс жүргізудің нағызғы қатысушылары, яғни тарапты іс материалдары бойынша даулы құқық қатынасының субъектісі болуы мүмкін деген болжау.

Тиісті емес тараптар (талап қоюшы мен жауапкер)

– нақты азаматтық іс бойынша азаматтық іс жүргізудің нағызғы қатысушысы емес, яғни даулы құқық қатынасының субъектісі болуы мүмкін деген болжау іс материалдары бойынша жоққа шығарылған тарап.

Тиісті емес тарап болып тиісті емес талап қоюшы немесе жауапкер танылуы мүмкін.